



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№20 (1862) Жұма, 23-мамыр 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

МӘДЕНИЕТІ ОЗЫҚ ЕЛДІҢ РУХЫ БИІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Ақордада салтанатты жиын өткізіп, сөз сөйледі. Президент ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, халқымыздың руханиятын байытуға зор үлес қосып жүрген сала қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

– Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі. Біз – Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиеледі. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр. Талантты музыканттарымыз әлемдік сахналарда табысты өнер көрсетіп жүр. Қазақ киногерлері түрлі халықаралық байқауларға қатысып, сарапшылардың жоғары бағасына ие болуда. Елордамызда Дүниежүзілік көшпенділер ойындары табысты өтті. Ақтау қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Рухани мұраларымыз цифрлық форматқа көшіріле бастады. Таяуда ұлтымыздың бір жарым мың ән-күйі мен фольклорлық мұрасы ең танымал халықаралық платформаларға салынды. Төл өнеріміз креативті индустрия арқылы барынша насихатталуда, – деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекет өнер саласын өркендетуге әрдайым ерекше мән береді. Өйткені мәдениеті озық елдің рухы биік болады.

– Былтырдың өзінде 45 жаңа мәдениет нысаны салынды. Бұл жұмыс болашақта да жалғасын табады. Театр – руханиятымыздың негізгі тірегінің бірі. Ұлттық құрылтайдың Бұрабайда өткен отырысында аймақтағы театрларды дамыту туралы нақты тапсырма берілді. Театрлардың көпшілігі

толық жаңғыртуды қажет етеді. Кейбіріне жаңа ғимарат керек. Осы жұмысқа кәсіпкерлер мен меценаттарды жұмылдырған абзал. Бұл – әлемде кең таралған тәжірибе. Мұндай жобаларға инвестиция салуға дайын азаматтар аз емес. Мен бизнес өкілдерін руханиятымызды дамыту ісіне атсалысуға шақырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде іргелі мәдениет ошақтары көп екеніне назар аударып,

олар талай жылдан бері көрермен қауымға тағылымды қойылымдар ұсынып келе жатқанын жеткізді.

– Осы орайда Бикен Римова атындағы қазақ драма театрына, Алматы қаласындағы Мемлекеттік қуыршақ театрына және Ғарифолла Құрманғалиев атындағы филармонияға академиялық мәртебе беру қажет деп санаймын. Бұл қадам мәдениет мекемелерінің жұмысына тың серпін берері сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев музейлер тарихымыз бен мәдениетіміздің асыл қазынасы екенін атап өтіп, мемлекет олардың дамуына ерекше мән беріп отырғанын айтты.

– Осыған дейін еліміздің жетекші үш музейі ұлттық мәртебеге ие болды. Бұл олардың қызметіне орасан зор серпін берді. Ғылыми-зерттеу саласында, тарихи және мәдени ескерткіштерімізді зерделеу ісінде музейлердің әлеуетін толық пайдалану маңызды. Сарайшық қалашығы зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырады. Оған жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар Орталық Азия елдерінің тарихи-мәдени мұрасына арналған бірыңғай цифрлық платформа құру туралы бастаманың берері мол, – деді Президент.

Сондай-ақ, ұлттық мәдениетті дамытуға және насихаттауға қосқан айрықша үлесі, мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

akorda.kz

Толығырақ taldykorgan-online.kz сайтынан оқи аласыздар.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ӨНЕРІ ӨРКЕНДЕГЕН ӨЛКЕ

Өткен жылы Жетісу өңірінің ауылдарында 4 мәдениет үйі, 8 блокты-модульдік клубтар, Үштөбе қаласында Қаратал аудандық тарихи-өлкетану музейі қолданысқа берілді. Ал, биыл 9 мәдениет үйінің, 1 аудандық кітапхананың құрылысы және 2 ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Осы және өзге де жағымды жаңалықтар мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай өткен салтанатты жиында мәлім болды.

Сала қызметкерлерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады: «Өнер – ұлттың жаны, мәдениет – рухани діңгегі. Бұл жағынан Жетісу қашаннан өнер дарыған, салт-дәстүрді сақтаған, әдебиеті мен мәдениеті өркендеген өлке. Кешегі Қабылұса жырау, қобызшы Мольқбай, ақын Сара мен жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіров, халық суретшісі Әбілхан Қастеев, ғаламат композитор Мұқан Төлебаев, өңші Дәнеш Рақышев, мәдениет министрі Жексенбек Еркінбеков, халық әртісі, өңші Зейнеп Қойшыбаева, театр режиссеры Маман Байсеркин, сахна саңлағы Бикен Римова, талантты жазушылар Әнуар Әлімжанов, Сайын Мұратбеков, ақын Жұматай Жақыпбаев, композитор Теміржан Базарбаев, дәулескер күйші Рахым Тәжібаев, қазақтың Төлегені Құман Тастанбек сияқты талай тарихи тұлғаларды өмірге әкелген, Жетісу өңірі»-деп осы айтулы мерекені жетісу-

лықтар қуанышты жаңалықпен қарсы алып отырғандығын жеткізді. Күні кеше мемлекеттік наградаға ие болған өнер саңлақтарының марапаты, театрға академиялық мәртебе беру мәдениет, руханият саласы қызметкерлерінің еселі еңбегінің жемісі екендігін тілге тиек етті. Жиын барысында бірқатар қызметкерге «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін», «Мәдениет саласының үздігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілері, «Құрмет» грамотасы табысталды. «Үздік халық театры», «Үздік халықтық, үлгілі атағы бар ұжым», «Үздік мәдениет үйі», «Үздік музей», «Үздік кітапхана», «Үздік мәдениет үйінің қызметкері», «Үздік театр артисі», «Үздік дәстүрлі өңші», «Үздік биші», «Үздік аспапшы», «Үздік техникалық-жабдықтау қызметкері» номинацияларының жеңімпаздары анықталды. Ал, І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы «Үздік облыстық мәдениет мекемесі» деп танылып, жеңіл автокөлік сыйға тартылды.



Айта кетейік, жыл басынан бері Шоқан Уәлихановтың және Бақтыбай Жолбарысұлының 190, Абай Құнанбайұлының 180, Қанабек Байсейітовтің 120, Нұрғиса Тілендиевтің 100, Әнуар Әлімжановтың 95, Жұматай Жақыпбаевтың 80 жылдықтарына орай тағылымы мол шаралар ұйымдастырылуда. Сонымен қатар театр фестивалі, әншілер мен аспапшылар байқауы сияқты бірқатар республикалық, халықаралық іс-шаралар өткізіліп, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Жетісу

өңірінің майдангерлері туралы «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты архивтік материалдардың жинағы жарық көрді. Жалпы мемлекеттің негізгі басымдықтарының қатарындағы бұл салаға облыста ерекше көңіл бөлініп келеді. Нәтижесінде өңірде мәдениет және архив мекемелерінің штат саны облыс құрылған үш жыл ішінде 200 бірлікке өсті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА
Фото авторы Жеңіс ЫСҚАБАЙ

ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

КӨГІЛДІР ГАЗБЕН ҚАМТУ

Жетісу облысына жұмыс сапарымен келген «QazaqGaz» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбыры құрылысының барысымен танысты. Ресми қонақтарды Ақсу ауданындағы құрылыс алаңына облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов бастап барды. Белгілі болғандай, «Талдықорған - Үшарал» газ құбырының желілік бөлігін салу жұмыстары аяқталған. Қазір автоматты газ тарату станциялары тұрғызылуда.

Алдымен «Жансүгіров» АГТС-ының алаңына барған ресми қонақтар мұндағы атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Бұл ретте С.Жаркешов бірінші кезекте жұмыстың сапасына баса көңіл бөлуді қатаң тапсырды.

— Бүгінгі күні «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбырын салуға үлкен назар аударылып отыр. Бұл – Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Ұлттық қордың қаржылай қолдауымен қолға алынған ауқымды жоба. Өткен жылы Үкімет басшысы Жетісу облысына келгенде құрылыс жұмыстары басталған болатын. Жобаның әлеуметтік маңызын ескере отырып, жұмыстарды қарқынды жүргіздік. Соның нәтижесінде жобаны белгіленген мерзімінен бір жарым жыл бұрын, яғни 2025 жылдың жылыту маусымына дейін бітіреміз деп жоспарлап отырмыз. Бұл «QazaqGaz», облыс әкімдігі және мердігер компания – үш тараптың бірлескен үлгілі командалық жұмысының нәтижесі, — деді «QazaqGaz» ҰК «QazaqGaz» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

Атап өтсек, жобаның технологиялық схемасына сәйкес, газ құбырының жалпы ұзындығы 302,441 км құрайды, жобалық қысымы РР=9,8 МПа. Жобада сондай-ақ 6 газ құбыры-бұрмасын және «Жансүгіров», «Қапал», «Сарқан», «Қойлық», «Қабанбай», «Үшарал» - 6 автоматты газ тарату станциясын салу көзделген.

Бүгінгі таңда жаңа газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, кедргерлерден өтетін учаскелерді: күрделі табиғи бедерлер, су асты өткелдері және т. б. салу бойынша жұмыстар аяқталу сатысында.

Қазіргі таңда барлық алты автоматты газ тарату станцияларының құрылыстары

қатар басталды. Станциялардың дайындығы осы жылдың тамыз айына жоспарланған. Құрылысқа 148 бірлік арнайы техника мен 356 жұмысшы персонал жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстары ерекше бақылауда және кестеден озып келеді.

Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов елді мекендердің ішкі желілерін жүргізудің дайындық жұмыстары туралы айта келе:

— «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбыры жобасының арқасында Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарында 66 елді мекенге газ тартылатын болады. Соның ішінде 6 елді мекенді биыл, қалған 60-ын келесі жылы газға қосамыз. Соның ішінде Ақсу қант зауыты да бар. Осы шаралардың барлығы халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін, сол сияқты кәсіпкерлік пен өндіріс орындарының жұмысы үшін де тиімді. Бұл өңірдің экономикасын дамытуға үлкен серпін береді, — деді Ә.Қанағатов.

Мұнан соң ресми өкілдер «Қапал» АГТС-ының құрылыс жұмыстарын да барып көрді.

Еске салсақ, Жетісу облысында 192 елді мекен газдандыруға жатады. Облыс бөлінгенде небары 5 елді мекенде ғана газ болған, бүгінгі күні газдандырылған елді мекендер саны 84-ке жетіп, газдандыру деңгейі 58,2% құрап отыр. Жыл соңына дейін көгілдір отын тартылған елді мекендер санын 126-ға, газдандыру көрсеткішін 71,4% жеткізу жоспарланып отыр, яғни 500 мың адам газдың игілігін көреді деген сөз. Оған қоса «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбыры құрылысының арқасында 66 елді мекен газға қосылады. Сөйтіп 2028 жылға дейін облыстың газдандыруға жататын 192 елді мекені толық көгілдір отынға қол жеткізетін болады.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

КАДР РЕЗЕРВІНЕ
ІРІКТЕУ БАСТАЛАДЫ

Биыл Президенттік жастар кадр резервіне кезекті төртінші іріктеу өткізу жоспарлануда. Іріктеудің басты ерекшелігі – әрбір бағытқа арнайы квота белгіленіп, үміткерлер тек сол салалық шеңберде іріктелетін болады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысы Қобылан Манап баяндады.

бес жылдан кем емес еңбек өтілінің және қазақ тілін меңгеруі В1 деңгейінен төмен емес болуы туралы талаптар сақталатын болады.

Іріктеуге қатысуға Президент тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервінде тұрған адамдар жіберілмейді.

Алты кезеңнен тұратын іріктеу маусым айынан бастап қазан айының соңына дейін жалғасады. Атап өтсек, бірінші кезең – 1 маусымнан бастап бір ай ішінде үміткерлердің құжаттарын онлайн режимде қабылдау. Екінші кезеңде – кандидаттардың мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға бағытталған тестілеу өткізіледі. Үшінші кезең – 16-17 тамыз аралығында ситуациялық тапсырмаларды шешу, яғни онлайн эссе жазу арқылы бағалау жүргізіледі. Төртінші кезең – 22 тамыз бен 3 қазан аралығында ассессмент-орталық және кәсіби HR мамандардың қатысуымен өтетін сұхбаттардан тұратын құзыреттерді бағалау кезеңі. Бесінші кезең – 8-15 қазан күндері сарапшылық комиссиямен әңгімелесу. Ал алтыншы кезеңде – Ұлттық комиссияның шешімімен үздік 50 кандидат іріктеліп, қазан айының соңына дейін Президенттік жастар кадр резервіне қабылданатын болады.

Данагүл МӨКЕН

ЖАЗ – 2025



БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ

Биыл Жетісу облысында 113 мыңнан астам оқушы жазғы демалыс шараларымен қамтылады. Өңірде қала сыртындағы 13 балалар сауықтыру лагері жұмыс істейді.

Жазғы демалыс кезінде жалпы білім беру ұйымдарының 1-10 сыныптарындағы 121 694 оқушының 113 112-сін қамту жоспарланып отыр, бұл - оқушылардың 93%. Оның 9 932-сі - әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасылардан шыққан балалар.

Оған қажетті қаражат республикалық және жергілікті бюджеттен, демеушілердің, соның ішінде «Қазақстан халқына» қорының есебінен, кәсіподақ ұйымдары тарапынан қарастырылады. Осылайша оқушылар жазғы демалысты туристік саяхатпен, еңбекпен, шығармашылықпен, интеллектуалдық шындаумен өткізеді. Жазғы сауықтыру лагерлеріне 12342 педагог тартылмақ, соның 112-сі - қала сыртындағы лагерлерде, 12000-ы мектеп жанындағы тамақтандырылмайтын лагерлерде болады. Сонымен қатар балалар демалыс орындарына педагогикалық колледждердің 150 студенті, 80 ерікті тартылады.

«Жетісу облысында балалардың жазғы демалысы 6 жоба аясында «Ұлттық құндылықтар», «Білімнен мамандыққа дейін: еңбек әлеміне экскурсия», «Жасыл клуб», «Жазғы экран», «Жетісу сақинасы» «Ұлттық құндылықтар», «Туристыя» жобасы шеңберінде ұйымдастырылады. Мәселен, балалар өңірдегі зауыттар мен цехтарға барып, техникалық-кәсіппен танысып, қарапайым материалдардан өнімдер қалай жасалатынын көреді. Сол сияқты облыстың көрікті жерлеріне, ұлттық саябақтарға, музейлерге т.б. табиғи, тарихи, мәдени, туристік орындарға экскурсиялық саяхат жасайды. Бұл ретте қауіпсіздік мәселесіне, санитарлық талаптарды сақтауға баса көңіл бөлінеді. Демалыс арнайы бекітілген бағдарлама негізінде методикалық ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі», - делінген облыстық білім басқармасының хабарламасында.

ҚОЛДАУ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»
ГРАНТТЫҚ ЖОБАСЫ

Жетісу облысында жастардың бастамалары мен кәсіпкерлік әлеуетін қолдауға бағытталған «Тәуелсіздік Ұрпақтары» гранттық жобасы басталды. Аталған жоба 18-35 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға арналған және олардың әлеуметтік, ғылыми, мәдени және кәсіпкерлік бағыттағы жобаларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты – жастардың ел дамуына қосар үлесін арттыру, олардың өз кәсібін ашуға, ауыл шаруашылығы мен өндіріс салаларында жұмыс жасауына, сондай-ақ креативті және экологиялық бағыттарда дамуына қолдау көрсету.

Гранттар келесі 6 бағыт бойынша беріледі: Мал және балық шаруашылығы. Өсімдік шаруашылығы. Сүт өнімдерін өндіру. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу. Қолөнер және шағын өндіріс. Агротуризм және экотуризм. Өрбір жеңімпазға қайтарымсыз қаржылай қолдау беріледі. Қаражат қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды алуға, жұмыс

Жалпы облыстағы 13 балалар сауықтыру лагерінің 11-і - қала сыртындағы жазғы сауықтыру орталығы, 1 - мүгедектігі бар балаларға арналған жазғы сауықтыру орталығы, 1 - дарынды балаларға арналған лагерь. Солардың бірі – Алакөл ауданындағы «Жансая» жартылай стационарлық медициналық-әлеуметтік мекемесі жанындағы Ерекше балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерінің жұмыс істегеніне биыл үшінші жыл. Осы уақыт ішінде онда аймақтың әр түкпірінен 300-ге жуық бала тегін демалды.

— Биыл Алакөл жағалауында орналасқан Ерекше балаларға арналған сауықтыру лагерінде жазғы кезең 24 маусымда басталады. Биылғы жылы онда ерекше қажеттілігі бар 160 бала тегін демалады. Әр бала 5 күннен демалады. Балалар I-III топтағы мүгедектігі бойынша тіркелген жеріндегі дәрігер ұсынысының немесе қорытындысының негізінде қабылданады. Орталыққа жетуді ұйымдастыруды заңды өкіл немесе бірге еріп жүретін адам тұрғылықты жерінен Үшарал қаласына дейін дербес жүзеге асырады, бұдан әрі оларды Ақши ауылына, лагерьге жеткізуді біз ұйымдастырамыз. Жалпы, мұндай белсенді демалыс балаларды сауықтыруға ғана емес, әлеуметтендіруге де оң ықпал етеді, - деп атап өтті облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Айта кетейік, 6 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға арналған 40 орындық жазғы сауықтыру лагері 2023 жылы Алакөл ауданы әкімдігінің резиденциясы ғимаратының базасында ашылған болатын. Сапалы әлеуметтік қызмет көрсету мақсатында оған қажетті күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, балаларға Алакөл көлінің жағасында демалу үшін барлық жағдайлар жасалды.

Еске салсақ, осы жылы өңірде 131 675 оқушы, атап айтқанда 11 сыныпты 7 866 түлек, 9 сыныпты 12 968 түлек аяқтайды.

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі

орнын жабдықтауға және жобаны іске қосуға жұмсалады.

Өтініш қабылдау мерзімі:
2025 жылдың 15 мамырдан 15 шілде аралығында.

Қатысу шарттары:
► 18–35 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматы болуы;
► жұмыссыз мәртебесінде тіркелуі;
► жобалық ұсынысты және бизнес-жоспарды ұсынуы;
► жобасын Жетісу облысы аумағында іске асыруы.

Жетісу облысы Қоғамдық даму басқармасы жастарды аталған мүмкіндікке белсенді қатысуға шақырады.

Грант – тек қаржылық қолдау ғана емес, сонымен қатар өз арманыңды жүзеге асыру мен табысты кәсіпкерлік жолға қадам басудың алғашқы сатысы.

Толық ақпарат пен кеңес алу үшін хабарласыңыз:

- Дамира, 8 707 929 12 72;
- Назарке, 8 707 755 58 46;
- Маржан, 8 747 160 46 37.
Электрондық пошта: tauelsizdik.jetisu@mail.ru

Облыстық қоғамдық даму басқармасының ақпараты бойынша

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заңының 10-бабына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты 2023 жылғы 26 желтоқсанда құрылған учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған мүшелердің орнына территориялдық сайлау комиссиясының мүшелерін тағайындау туралы хабарлайды.

Осыған байланысты учаскелік сайлау комиссияларының құрамында өз өкілдері жоқ әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, қалалық мәслихат сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрған сайлау комиссиялары **2025 жылдың 26 мамырдан бастап 09 маусымға** дейін учаскелік сайлау комиссияларына жаңа кандидаттар бойынша мәслихатқа келесідей құжаттарды тапсырады:

- 1) Сайлау комиссияларының құрамына белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы кандидатуралар туралы мәліметтер;
- 2) Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы шешімінен үзінді көшірме;
- 3) саяси партия органының, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (өкілдіктерінің) тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысан бойынша өтініші;

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер нысандары, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері мәслихаттың сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағына сәйкес көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылған барлық құжаттар электронды және қағаз форматта, қол қойылған, мөрмен расталған болуға және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілген белгілі қамтуға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2025 жылғы 26 мамырдан бастап 09 маусымға дейін, дүйсенбі-жұма күндері сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін жүзеге асырылады, үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін.

Талдықорған қалалық мәслихаты
Ахажан Темірболат Жанболатұлы – Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы.
Мәслихаттың орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Абай к-сі, 256.
Жауапты қызметкер – Ашимжанова Салтанат Төңірбергенқызы, каб. № 111, қалааралық телефон коды (87282) 24-09-56, электрондық почта мекенжайы: **tald.gor.maslihat@mail.ru**.

№ р/н	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің саны (орын)
Аумақтық сайлау комиссиясы			
1.		Қалалық аумақтық сайлау комиссиясы, Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 272, «Ардагерлер үйі» ғимараты	2

Талдықорған қалалық мәслихаты

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған мүшелердің орнына кірген мүшелердің тізімі

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 10-бабының 4-тармағына сәйкес:

№397 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, «Самал» ш/а, 44, «№12 орта мектеп-гимназиясы» КММ (батыс қанаты)

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Смагулова Айнур Боранбековна	Талдықорған қаласының «Аналар алқасы» қоғамдық бірлестігі

№399 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, Д. Қонаев көшесі, 49, «№14 орта мектеп-гимназиясы» КММ (солтүстік қанаты)

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Естибаева Жазира Камизановна	«Аманат» партиясы ҚБ

№414 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, 91/97, «Д. Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернаты» КММ,

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Сансызбаева Жанара Тукашовна	«Қос Қанат Жетісу» ҚБ

№415 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 149, «К. Ушинский атындағы №7 орта мектеп» КММ

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Розакова Инкар Мадияровна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ

№416 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 150, Талдықорған қаласының «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі» КММ

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Еспанова Гульжанар Медегалиевна	«Қазақстан халық партиясы» ҚБ

Талдықорған қалалық мәслихаты

К СВЕДЕНИЮ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ!

В соответствии со статьей 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Талдықорғанский городской маслихат сообщает о назначении членов территориальных избирательных комиссий вместо выбывших из составов избирательных комиссий, образованных 26 декабря 2023 года.

В связи с этим каждая политическая партия, не имеющая своих представителей в составе участковых избирательных комиссий, вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие по новым кандидатам в участковые избирательные комиссии с **26 мая по 09 июня 2025 года** представляют в Талдықорғанский городской маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном форматах;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лично, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

№418 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, А. Пушкин көшесі, 205, «А.С. Макаренко атындағы №6 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Айдабаева Динара Аюхановна	«Қос Қанат Жетісу» ҚБ

№423 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ» Жетісу облысы бойынша мамандандырылған ХҚҚБ

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Жандаулет Шырын Мырзаханқызы	«Қазақстан халық партиясы» ҚБ

№429 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, «Көктем» ш/а, 9 жер телімі, «№28 ІТ мектеп-лицей» КММ (солтүстік қанаты)

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Разбек Шынар Жұмағұлқызы	Талдықорған қаласының «Аналар алқасы» қоғамдық бірлестігі
2	Абдрахманова Каракоз Избасаровна	«Қос Қанат Жетісу» ҚБ
3	Кисабекова Мадина Канатбековна	«Талдықорған қаласының қазақ күресі федерациясы» ҚБ

№436 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Өтенай ауылы, Ө. Тұңғатов көшесі, 18, «№21 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ (батыс қанаты)

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Галимжанова Асемгүл Уринғалиқызы	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ

№463 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Өтенай ауылы, Ө. Тұңғатов көшесі, 18, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Ынтымақ ауылындағы №30 орта мектеп» КММ

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Сергазина Гульжан Багдатовна	Талдықорған қаласының «Аналар алқасы» қоғамдық бірлестігі
2	Мұхамер Жұлдыз Сапарқызы	«Талдықорған өңірлік әйелдер қолдау орталығы» ҚБ

№464 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Өтенай ауылы, Ө. Тұңғатов көшесі, 18, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар №21 орта мектеп»» КММ (оңтүстік-шығыс қанаты)

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Бексултанова Ляззат Бакентаевна	«Аманат» партиясы ҚБ
2	Кенесбаева Бақытгүл Берікқалиқызы	«Қазақстан халық партиясы» ҚБ
3	Омарова Маржан Кожабаявна	«Қос Қанат Жетісу» ҚБ
4	Сайрамбеков Аян Шарипұлы	«Талдықорған қаласының қазақ күресі федерациясы» ҚБ
5	Мукатаева Асем Кудайбергеновна	«Талдықорған өңірлік әйелдер қолдау орталығы» ҚБ
6	Барапкова Мария Шаризатовна	«Ауыл партиясы» Жетісу облысы бойынша өңірлік филиалы ҚБ
7	Несипжанова Гульбану Нурахиновна	«Respublika» партиясы ҚБ

№465 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы, «Көктал» шағын ауданы, Шевченко көшесі №16, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «Е. Берлікжаулы атындағы №11 орта мектеп» КММ, (оңтүстік-батыс қанаты),

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Болатұлы Самат	«Аманат» партиясы ҚБ
2	Мырзабек Дана Назарбекқызы	«Қазақстан халық партиясы» ҚБ
3	Доскенова Назерке Маратовна	«Қос Қанат Жетісу» ҚБ
4	Темирбеков Аслан Турганович	«Талдықорған қаласының қазақ күресі федерациясы» ҚБ
5	Кыдыкенова Аида Жардембековна	«Талдықорған өңірлік әйелдер қолдау орталығы» ҚБ
6	Ғалымбек Гүлназ Ғалымбекқызы	«Ауыл партиясы» Жетісу облысы бойынша өңірлік филиалы ҚБ
7	Калкаманова Гүлнур Сағынаевна	«Respublika» партиясы ҚБ

№466 учаскелік сайлау комиссиясы
Орталығы: Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, № 27, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov College»

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
1	Байдаулетова Енликуль Елеусизовна	Талдықорған қаласының «Аналар алқасы» қоғамдық бірлестігі
2	Жәркенова Арай Жанатқызы	«Аманат» партиясы ҚБ
3	Алибаева Ляззат Серихановна	«Қазақстан халық партиясы» ҚБ
4	Аубакенова Эльвира	«Қос Қанат Жетісу» ҚБ
5	Байтасова Назым Далабаевна	«Талдықорған өңірлік әйелдер қолдау орталығы» ҚБ
6	Тасымбекова Айгерим Турганбековна	«Ауыл партиясы» Жетісу облысы бойынша өңірлік филиалы ҚБ
7	Даулетова Асем Мирамбаевна	«Respublika» партиясы ҚБ

Ескертпе: *Талдықорған қаласының округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын өзгерту туралы хабарлама Талдықорған қалалық мәслихатының ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-taldykorgan> жарияланды.*

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в электронном и бумажном форматах, должны быть подписаны, заверены печатью и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с 26 мая по 09 июня 2025 года, с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв – с 13:00 до 14:30 часов.

Талдықорғанский городской маслихат
Ахажан Темірболат Жанболатұлы – председатель Талдықорғанского городского маслихата.
Местонахождение маслихата: город Талдықорған, ул. Абая, 256.
Ответственное лицо – Ашимжанова Салтанат Танирбергеновна, каб. №111, междугородний телефонный код (87282), 24-09-56, адрес электронной почты: **tald.gor.maslihat@mail.ru**.

№ п/п	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов (мест) в участковых избирательных комиссиях
Городская территориальная избирательная комиссии			
1.		Городская территориальная избирательная комиссия г. Талдықорған, ул. Абая, №277, здание «Дом ветеранов»	2

Талдықорғанский городской маслихат
(Продолжение на стр.6)

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІ – 2025 ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ПАРЫЗ

Талдықорған қаласы әкімдігінің мәжіліс залында Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу тәртібін түсіндіру жиыны өткізілді.

Кездесуге қала әкімі Ернат Бәзіл, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Манап Қобылан, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Жетісу облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Злобин, сондай-ақ қала әкімдігінің қызметкерлері мен БАҚ өкілдері қатысты. Жиын барысында Президенттік жастар кадр резервіне қатысу шарттары мен іріктеу кезеңдері түсіндірілді. Іріктеуге 35 жастан аспаған, мемлекеттік тілді білетін, жоғары білімі бар және 5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар азаматтар қатыса алады. Өткен 2019, 2021, 2023 жылдары іріктеуге 60 мыңнан аса жас қатысып, 400-дей резервке алыныпты. Осы резервке қойылғандар ішінен 318-і мемлекеттік органдарға, ұйымдарға жұмысқа орналасқан. Айта кетейік, байқауға қатысу үшін өтінімдер ағымдағы жылдың 1 маусымы мен 30 маусымы аралығында қабылданады. Әрине, мемлекеттік аппаратқа білімді, еңбекқор, елге қызмет етуді өзіне парыз санайтын жастар қажет. Ал кәсіби мемлекеттік



қызметкерлердің жаңа легін қалыптастыру – Мемлекет басшысының тапсырмасы.

2025 жылғы іріктеудің ерекшеліктері жеті салалық бағыт бойынша жүргізіледі. Кадрларды салалар бойынша біркелкі бөлуді қамтамасыз ету үшін әр бағытқа жеке квота бөлінеді. Кандидаттар тіркелу кезінде тек бір бағытты таңдай алады.

Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Жетісу облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Злобин өз сөзінде мемлекеттік қызмет істері саласындағы қолға алынып жатқан заманауи бағыттар туралы баяндады.

Кездесу соңында қатысушылар резервке тіркелу тәртібі бойынша сұрақтар қойып, тұщымды жауап алды.

Данагүл МӘКЕН



ТҰҒЫШ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНКЛЮЗИВТІ ЭТНОКӨРМЕ



Көрмеге еліміздің әр өңірінен, сонымен қатар, Өзбекстан, Түркия, Ресей және Якутияның қолөнершілері қатысты. Қолөнер шеберлері, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандардың ерекше бұйымдары ұсынылып, көпшілікке жәрмеңкеден сатып алу мүмкіндігі қарастырылды. Үздік қолөнершілер шеберлік сабағын өткізіп, өзара тәжірибе алмасып, кәсіби шеберліктерін арттырды. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Бұл этноқорме - тек өнер туындыларының жиынтығы ғана емес, мұнда мүгедектігі бар азаматтардың өмірге деген сүйіспеншілігі мен еңбекке деген құрметі және жүректен шыққан ізгі ниеті, ерік-жігері мен шабыттың шынайы көрінісі жатыр. Бүгінгі көрме - ұлт тарихының тереңдігін сезінуге, төл мәдениетімізді бағалап, келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды қадам. Осындай бастамалар арқылы біз өз тарихымызды танып, ұлт ретінде ұйысып, бірлігімізді нығайтамыз» - деп жиналған қауымды мүмкіндігі шектеулі

азаматтардың қоғамдағы маңызы зор екенін, олардың жетістіктерінің өзгелерге үлгі болатынын және мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік қолдауларға тоқталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша аталмыш шараның негізгі мақсаты – өнер мен мәдениет арқылы инклюзияны ілгерілету, ерекше қажеттілігі бар жандардың өз қолымен жасаған авторлық бұйымдарының кеңінен таныстырылуына ерекше назар аудару. Осы орайда «Мейірім» МҚБ төрайымы Гүлмира Таубалдинова «Біз шығармашылықтың шегі жоқ екенін көрсетуге тырыстық. Мүгедектігі бар адамдар жай ғана көрермен емес, мәдени диалогтың толыққанды қатысушысы да бола алады. Бұл көрмеде біз мұны ашық жариялауға мүмкіндік алдық. Біз жай ғана көрме емес, қарым-қатынас орнататын, шабыт алатын, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын алаң құруға тырыстық. Көптеген қатысушылар іс-шара барысында жаңа тұтынушылар мен серіктестер тапты» - деп атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТӘРБИЕ

ОҚУШЫЛАРМЕН ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Қаламыздағы озық білім ордасының бірі М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков оқушылармен кездесу өткізді.

Тағылымға толы бұл жиында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар спорт, мәдениет және білім салаларында жетістікке жетудің маңызды қадамдары да айтылды. Жеңіс Саятбекұлы оқушыларды бойындағы қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі үйірмелерге қатысуға шақырып, өзінің өмір жолынан қызықты оқиғалармен бөлісті.

Қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков:

- Бүгінде облыс бойынша 120, ал қала бойынша 31 ментор жұмыс істеп жатыр. Олар мектеп оқушыларымен 9 бағыт бойынша сараланған тиімді әдіс-тәсілдермен жұмыс істеуде. Бұл жоба өлі де өз жемісін береді деп сенемін, - деді.

Айта кетейік, М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясында 1270 оқушы білім алуда, оларға 95 білікті ұстаз білім береді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Отбасын құрып, балалы-шағалы болған жасында ер азаматтардың арасынан ащы суға мойып алып жанұя берекесін кетіріп, аузына келгенін ақтарып, қолына түскенін таяқтайтындар ара-тұра болса да кездесіп қалатыны өкінішті. Бірақ, бұрынғыдай «бас жарылса-бөрік ішінде, қол сынса-жең ішінде» дейтін заман емес. Ананың да, баланың да құқығы заңмен қорғалады. Жәбір көрген отбасына әлеуметтік қолдау көрсететін орталықтары мен Полиция басқармасының Жергілікті полиция қызметі бөлімінің жанынан арнайы бөлімшелер де құрылған. Қосымша барлық жауапты мекеме, бірлестіктер түрлі жат әрекеттермен жұдырықтай жұмыла жұмыс істеуде.



Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Ильяс Сағымбековтың төрағалығымен Талдықорған қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Онда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарынан немесе қаупіне байланысты қиын жағдайға тап болған адамдарға арналған әлеуметтік көмек көрсету орталығы қызметкерлерінің ағымдағы жылы атқарып жатқан жұмыстары туралы мәселе қаралды. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» КММ директоры Сұңқар Қадыровтың баяндамасына сүйенсек, бүгінде орталық қызметіне 43 адам (12 әйел, 31 бала) жүгінген. Жүгінуді тарапқа әлеуметтік тұрмыстық, құқықтық, экономикалық, мәдени, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбекпен қамту сияқты қызмет түрлері көрсетілген. Орталық 55 адам, яғни 35 ересек, 20 балаға есептелген. Талдықорған қаласында орналасқан орталық қызметіне облысымыздың аудан, ауылдарынан да келушілер бар. Оларға да тиісінше көмек беріліп, кейінгі өмірі де бақылауға алынады. Жалпы, орталық қызметіне жүгінген азаматтардың барлығы қолдауға ие болып, заңмен қорғалады. Комиссия отырысында сонымен қатар, Талдықорған қаласы полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция майоры Айнұр Қағазбекова отбасылық-зомбылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған профилактикалық іс-шаралар бойынша есеп берді. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте жинақталған жүйелік мәселелерді шешу, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етумен айналысатын бөлім өз қызметін ағымдағы жылдың 5 қаңтарынан бастаған болатын. Бөлім қызметкерлері отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу, зардап шеккендерге көмек көрсету және құқық бұзушыларды жауапқа тарту бойынша белсенді жұмыс атқарып келеді. Мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу ғана емес, сонымен қатар отбасылармен жұмыс істеу, профилактикалық әңгімелер жүргізу және психологиялық қолдау көрсету арқылы мәселені түбегейлі шешу. Қала көлемінде республикалық, облыстық деңгейдегі «Профилактика», «Құқықтық тәртіп», «Тұрмыс» атты алдын алу шаралары мен «Сіздің құқығыңыз қорғалады!», «Әйел-отбасы шырағы», «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», «Бақытты отбасы», «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!», «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциялары жүйелі түрде өткізіліп отырады. Өткен 5 ай ішінде қала аумағында 643 қылмыстық іс тіркелсе, оның 206-ы әйелдерге қатысты жасалған. Сот шешімімен 138 тұлғаға ерекше талап орнатылған. «Ет бұзылса түз себерсің, түз бұзылса не себерсің», - демекші, 111 әйел ішпіндікке тәуелді, 31 әйел есірткіге тәуелді болғаны анықталған. Олардың барлығы арнайы есепте тұр. Комиссия отырысында баяндамашылардың есебі назарға алынып, аталған бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа ұсыныстар мен идеялар талқыланып, оларды іске асыру жолдары да қарастырылды.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ЕРКІНДЕ ФУТБОЛ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Еркін ауылында заманауи үлгіге салынған шағын футбол алаңы салтанатты түрде ашылды. Бұл ауыл жастары үшін үлкен қуаныш әрі маңызды сый болды. Барлық талаптарға сай салынған футбол алаңында күйі ауыстыруға арналған арнайы контейнер бөлме, төрешілерге арналған 4 метрлік мұнара бар және нысан толық жарықпен қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда Еркін ауылында халық игілігіне арналған бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, жыл соңына дейін ауыл тұрғындарына арналған 150 орындық мәдениет үйі пайдалануға беріледі. Бұл – ауыл халқы көптен күткен маңызды нысандардың бірі.

Футбол алаңының ашылуына орай облыстық деңгейде шағын футбол турнирі ұйымдастырылып, ересектер арасынан 16 команда қатысып, өзара үздіктерді анықтады.

Айта кетейік, футбол алаңында ауыл жастары мен тұрғындары тегін жаттыға алады. Сонымен



қатар жанкүйерлер үшін де қызықты ойындарды тамашалауға мүмкіндік қарастырылған.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі материалдарынан

ЗАҢ АЯСЫНДА ӘДЕП КОДЕКСІ – МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛІ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептік қасиеттері мен мінезін жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы тиіс. Бүгінде мемлекеттік саладағы мамандардың білім-біліктілігінен бұрын, адамгершілік асыл қасиет пен ананың сүтімен келетін тәлім-тәрбиені де талап ететініміз анық. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшінің мінез құлқына, қызметтік міндетіне, мемлекет пен оның азаматтарының өзара қарым қатынасына сенімді өкіл болып табылатын мемлекетке, өзі «Қызмет ететін» қоғамға қатысты моральдық талапты білдіретін



неғұрлым жинақты принциптер мен нормаларды білдіреді. Мемлекеттік қызметшінің ақиқат шыншыл болуы оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Мемлекеттік қызметкерге жалпы қабылданған әдепті сақтау өте маңызды, себебі ол тікелей адаммен жұмыс жасайды және әр түрлі адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы қызмет атқарады. Сондықтан мемлекеттік қызметкердің сыртқы бейнесі, киім-кисі, қимыл-әрекеті, сөйлеу мәнері, ой-пікірі, жеке қасиеттерінің барлығы да адамға нұқсан келтірмейтіндей қызмет ету керек. Осы аталғандардың барлығын сақтау үшін этикеттің принциптерін ұстану керек.

Абылхан Берік Нұрланұлы,
Талдықорған қаласы бойынша Әдеп
жөніндегі уәкілі

ІШКІ САЯСАТ ҚОҒАМ МҮДДЕСІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Талдықорған қаласы әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Жиында 2024 жылы ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс аясында атқарған жұмыстары мен 2025 жылға арналған жоспарлары кеңес мүшелерінің назарына ұсынылды. Ол жөнінде қалалық ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Рахым Тұрланов баяндама жасады.

Қоғамдық саяси тұрақтылықты сақтап, талдықорғандықтарға ҚР Президентінің халыққа арнаған Жолдауын, ҚР Үкіметінің бағдарламаларын түсіндіру мен насихаттауда және қала әкімінің қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыруда ұйымдық-идеологиялық шараларды қамтамасыз етіп, қала деңгейінде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде, жергілікті ақпарат құралдарының мемлекеттік тапсырыстарды жүзеге асыруын үйлестіруде, қоғамдық ұйымдармен, діни бірлестіктермен, саяси партиялармен арада тығыз қарым-қатынас орнатуда бөлім қызметкерлерінің жүйелі жұмысы ауыз толтырып айтарлықтай. Барлық шараларды өз міндеттеріне әрі жоспарға сай лайықты атқарып келеді. Басқосуда сонымен қатар, «Жетісу Қос Қанат» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Елена Радионова мемлекеттік тапсырыс бойынша өз міндеттеріне алған жұмыстарының орындалу нәтижелерімен бөлісті. Негізнен жастардың денсаулығы мен әл-ауқатын

жақсартуға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырумен айналысатын бірлестік жасөспірімдер арасында темекі, есірткі, алкоголизмнің, басқа да зиянды әдеттердің әсері туралы түрлі басқосулар өткізіп, олардың санасына жат қылықтардан аулақ болуды мықтап сіңіріп келеді. Жетісу облыстық мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты түрлі іс-шараларға барша талдықорғандықтармен қатар аудандардың тұрғындары да қуә. 2025 жылға арналған жоспарлар туралы «Жетісу конгресс жастары» қоғамдық бірлестігі баяндама жасады. Жиын барысында Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің әлеуметтік тапсырыс аясында «Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты нығайту, этномәдени шаралар» және «Ұлттық және отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шаралар» бойынша «Жетісу конгресс жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Дәулет Ауданбаевтың баяндамасы тыңдалды. «Ел болашағы жастардың қолында» демекші, аталмыш бірлестік қала жастарының қатысуымен белсенді жұмыстар атқарып келеді. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге қатысты және отбасылық құндылықтарды нығайту, жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты нығайтуға қатысты түрлі форматта шаралар өткізумен қатар, жастарды төтенше жағдайларда әрекет етуге тәрбиелеуге байланысты жұмыстар іске асырылған. Быыл да аталмыш жұмыстар жалғасын табатын болады. Кеңес жұмысының қорытындысында жалпы үкіметтік емес ұйымдармен жұмысты тиімді үйлестіру мақсатында бірқатар тапсырмалар берілді.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

БІЛІМІМ – ОТАНЫМА ЖАС ТҮЛЕКТЕР ҚАҚТЫ БҮГІН ҚАНАТЫН!

Соңғы қоңырау - мектеп бітіруші түлектерді ерекше тебіреніп, кеугеге қимастық сезімін ұялататын сәт. Сағынышқа айналатын бұл күннің әдемі естеліктерге, көтеріңкі көңіл-күйге толы болғаны ғанибет.



СУРЕТТЕ: Талдықорған қаласындағы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп-лицейді биыл 36 түлек ойдағыдай аяқтап отыр. Олардың арасында арнаулы кәдет сыныбы оқушылары да бар. Түлектердің 3-еуі, Кәмила Ақболат, Айжан Данабай, Дина Серікқызы «Алтын белгіге» үміткер. Ал, Альтаір Қуанышпеков үздік аттестатқа үміткер болып отыр. Барша түлектерге сәттілік серік болсын! Сынып жетекшісі, педагог-сарапшы Бауыржан Омаралин түлектермен.

Мектептегі қоңырау үнін естігенде балалық пен бозбалалықтың қызыққа толы сәттері ғана емес, он бір жыл бойы білім алған мектеп пен ардақты ұстаздардың бейнесі көз алдыңызға келіп, ғажайып бір күйге енеріңіз сөзсіз. Биыл оқу жылының ресми аяқталуы жексенбіге сәйкес келгендіктен, соңғы оқу күні ретінде 23 мамыр бекітіліп, ел мектептерінде «Білімім – Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілуде. Ашық сабақ, салтанатты жиында оқушылар мен ұстаздар оқу жылын қорытындылап, ең маңызды әрі қызықты сәттерді бірге еске алуда. 2024-2025 оқу жылы 34 аптаны құрап, еліміз бойынша биыл 3,9 млн астам оқушы аяқтаса, олардың 217 мыңы мектеп бітіруші түлектер.

Осы орайда білім басқармалары мен бөлімдері мектеп форматынан тыс, сән-салтанатты іс-шаралар ұйымдастыруға, ақша жинауға, автокөлікпен шеруге шығуға және басқа да мерекелеу шараларын ұйымдастыруға жол берілмейтінін ескертеді.

Әр бала – отбасының, қоғамның, мемлекеттің ең қымбаттысы, болашағымыздың үкілі үміті. Талдықорған қаласында биылғы оқу жылын жалпы білім беретін 27 мектепті 35816 оқушы аяқтап отырса, оның 1442-сі мектепті аяқтайтын түлектер. Алтын ұя – мектепке тарыдай болып кіріп, таудай болып шығып, жаңа өмірге алғашқы қадам басқалы тұрған мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан шәкірттердің 45-сі «Алтын белгіден» үміткер болса, 68-і үздік аттестатпен бітіреді деп күтілуде. Алда мемлекеттік сынақ - Ұлттық бірыңғай тестілеу емтихандары тұр. Соны ойдағыдай тапсырып, өздері қалаған жоғары оқу орнына түсіп, үздік мамандық иесі болсын деген тілек бұл күні түлектерге көптеп айтылары сөзсіз.

Данагүл МӘКЕН



**ГОД
РАБОЧИХ
ПРОФЕССИЙ**

Акмарал пришла в компанию пять лет назад, начав свою карьеру в мясном цехе. Позже она освоила работу в мясном цехе, доказав свою универсальность и готовность учиться новому. Сегодня Акмарал занимает должность бригадира цеха, организуя весь производственный процесс и контролируя качество продукции.

– С детства мне нравилось готовить. Я могла часами проводить время на кухне. Тогда я поняла, что хочу связать свою жизнь с кулинарией. Работа на производстве - это не просто ремесло, это возможность создавать продукт, которым будут наслаждаться люди. Это большая ответственность и в то же время - вдохновение, – рассказывает специалист.

С момента своего основания «Party Food» стремится предложить клиентам качественные блюда и высокий уровень обслуживания. Меню компании включает разнообразные сет, пиццы, бургеры и другие блюда, которые пользуются популярностью среди жителей города. Благо-

ЛИЦО УСПЕХА КОМПАНИИ «PARTY FOOD»

В Талдықоргане, где кулинарные традиции встречаются с современными тенденциями, компания «Party Food» зарекомендовала себя как один из лидеров в сфере фастфуда и пиццы. За этим успехом стоит команда профессионалов, среди которых особенно выделяется Акмарал Супжанова.

даря усилиям сотрудников сеть заведений быстрого питания получила высокие оценки от посетителей и стала одним из любимых мест для семейных ужинов и встреч с друзьями.

Акмарал Супжанова, как ключевой сотрудник компании, вносит значительный вклад в развитие и поддержание высокого стандарта обслуживания. Ее профессионализм и преданность делу способствуют укреплению репутации «Party Food» как надежной и качественной пиццерии.



Отзывы клиентов подтверждают высокий уровень сервиса и качество блюд. Посетители отмечают вкусную еду, уютную атмосферу и внимательное обслуживание,

что делает «Party Food» одним из лучших заведений в Талдықоргане.

Акмарал Супжанова и команда «Party Food» продолжают стремиться к совершенству, предлагая клиентам не только еду по вкусу, но и теплое гостеприимство. Их совместная работа делает заведение неотъемлемой частью кулинарной сцены Талдықоргана.

– Примеры, подобные истории Акмарал Супжановой, вдохновляют и доказывают, что рабочие профессии - это не просто достойный, но и перспективный путь. Мы должны говорить об этом чаще, воспитывать уважение к труду, на котором держится реальный сектор экономики. Акмарал - пример того, как упорство, любовь к делу и стремление к развитию позволяют достичь высот и стать лидером, – отметил директор Палаты предпринимателей области Жетісу Даурен Оналбаев.

Рабочие профессии – это основа экономической стабильности и будущего страны. За каждым продуктом, за каждым процессом стоят люди, такие как Акмарал, для которых работа – это дело жизни.

Алма УРАЗАЕВА

(Начало на стр.3)

Список кандидатов в состав участковых избирательных комиссий вошедших членов вместо выбывших членов
В соответствии с пунктом 4 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»:
Участковая избирательная комиссия №397
Центр: город Талдыкорган, мкр. «Самал», 44, КГУ «Средняя школа-гимназия №12» (западное крыло)

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Смагулова Айнур Боранбековна	Общественное объединение «Аналар алқасы» города Талдыкорган

Участковая избирательная комиссия №399
Центр: город Талдыкорган, ул. Д. Конаева, 49, КГУ «Средняя школа-гимназия №14» (северное крыло),

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Естибаева Жазира Камизановна	ОО Партия «Аманат»

Участковая избирательная комиссия №414
Центр: город Талдыкорган, ул. И. Жансугурова, 91/97, КГУ «Казахская школа-интернат им. Д. Ракишева»

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Сансызбаева Жанара Тукашовна	ОО «Қос Қанат Жетісу»

Участковая избирательная комиссия №415
Центр: город Талдыкорган, ул. Абылай хана, 149, КГУ «Средняя школа №7 им. К. Ушинского»

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Розакова Инкар Мадияровна	ОО «Алматинское областное славянское движение»

Участковая избирательная комиссия №416
Центр: город Талдыкорган,ул. Абылай хана, 150, КГУ «Специализированный лицей «Экономика и бизнес» №24 им. Мухтара Арына города Талдыкорган

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Еспанова Гульжанар Медегалиевна	ОО « Народная партия Казахстана»

Участковая избирательная комиссия №418
Центр: город Талдыкорган, ул. А. Пушкина, 205, КГУ «Средняя школа №6 им. А.С. Макаренко с дошколь-ным мини центром»

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Айдабаева Динара Аюхановна	ОО «Қос Қанат Жетісу»

Участковая избирательная комиссия №423
Центр: город Талдыкорган, мкр. «Восточный», Специализированный отдел по обслуживанию населения филиала НАО «Государственная Корпорация «Правительство для граждан» по области Жетісу (Авто ЦОН),

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Жандаулет Шырын Мырзаханқызы	ОО « Народная партия Казахстана»

Участковая избирательная комиссия №429
Центр: город Талдыкорган, мкр «Коктем», КГУ «ІТ школа-лицей №28» (северное крыло)

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Разбек Шынар Жұмағұлқызы	Общественное объединение «Аналар алқасы» города Талдыкорган
2	Абдрахманова Каракоз Избасаровна	ОО «Қос Қанат Жетісу»
3	Кисабекова Мадина Канатбековна	ОО «Федерация казакша курес г.Талдыкорган»

Участковая избирательная комиссия №436
Центр: город Талдыкорган, с. Отенай, ул. Тунгатова, 18, КГУ «Средняя школа №21 с дошкольным мини центром» (западное крыло)

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Галимжанова Асемгүл Урингалиқызы	ОО «Алматинское областное славянское движение»

Участковая избирательная комиссия №463
Центр: село Отенай, улица А. Тунгатова, 18, КГУ "Средняя школа № 30 села Ынтымак" ГУ "Отдел образо-вания по городу Талдыкорган Управления образования области Жетісу".

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Сергазина Гульжан Багдатовна	Общественное объединение «Аналар алқасы» города Талдыкорган
2	Мұхамер Жұлдыз Сапарқызы	ОО " Талдыкорганский региональный центр поддержки женщин "

Участковая избирательная комиссия №464
Центр: город Талдыкорган, с. Отенай, ул. Тунгатова, 18, КГУ «Средняя школа №21 с дошкольным мини центром» (западное крыло)

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Бексултанова Ляззат Бакентаевна	ОО Партия «Аманат»
2	Кенесбаева Бақытгүл Берікқалиқызы	ОО « Народная партия Казахстана»
3	Омарова Маржан Кожабаевна	ОО «Қос Қанат Жетісу»
4	Сайрамбеков Аян Шарипұлы	ОО «Федерация казакша курес г.Талдыкорган»
5	Мукатаева Асем Кудайбергеновна	ОО «Талдыкорганский региональный центр поддержки женщин»
6	Барапкова Мария Шаризатовна	«Партия Ауыл» региональный филиал по области Жетісу
7	Несипжанова Гульбану Нурахыновна	«Партия Respublika» филиал области Жетісу

Участковая избирательная комиссия №465
Центр: город Талдыкорган, с. Еркин, мкр. «Коктал» ул. Т. Шевченко, 16, КГУ «Средняя школа №11 им. Есжана Берликожаулы» (северное крыло)

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Болатұлы Самат	ОО Партия «Аманат»
2	Мырзабек Дана Назарбекқызы	ОО « Народная партия Казахстана»
3	Доскенова Назерке Маратовна	ОО «Қос Қанат Жетісу»
4	Темирбеков Аслан Турганович	ОО «Федерация казакша курес г.Талдыкорган»
5	Кыдыкенова Аида Жардембековна	ОО «Талдыкорганский региональный центр поддержки женщин»
6	Ғалымбек Гүлназ Ғалымбекқызы	«Партия Ауыл» региональный филиал по области Жетісу
7	Калкаманова Гүлнур Сағынаевна	«Партия Respublika» филиал области Жетісу

Участковая избирательная комиссия №466
Центр: город Талдыкорган ул. Кабанбай батыра №27, «Zhansugurov College» Жетысуского университета имени Илияса Жансугурова

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
1	Байдаулетова Енлигуль Елеусизовна	Общественное объединение «Аналар алқасы» города Талдыкорган
2	Жәркенова Арай Жанатқызы	ОО Партия «Аманат»
3	Алибаева Ляззат Серикхановна	ОО «Народная партия Казахстана»
4	Аубакенова Эльвира	ОО «Қос Қанат Жетісу»
5	Байтасова Назым Далабаевна	ОО «Талдыкорганский региональный центр поддержки женщин»
6	Тасымбекова Айгерим Турганбековна	«Партия Ауыл» региональный филиал по области Жетісу
7	Даулетова Асем Мирамбаевна	«Партия Respublika» филиал области Жетісу

Примечание: *Сообщение об изменении состава окружной и участковых избирательных комиссий го-рода Талдыкорган опубликовано на официальном сайте Талдыкорганского городского маслхата https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-taldykorgan.*

Талдыкорган қалалық мәслихатының
«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның ХАТТАМАСЫ

Талдыкорған қаласы, «Жұлдыз» шағын ауданы, 23. 19 мамыр 2025 жыл, сағат: 10:00 (№15 орта мектеп)

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №18 сайлау округінің депутаты, **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның төрағасы **Серік Максимұлы Жансеңгіров**.
Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – **Әлібек Батырбекұлы Келдібек**.

Күн тәртібінде:
Талдыкорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы
Қатысқандар:
Талдыкорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық әкімдіктің, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және қала, «Жұлдыз», «Шығыс» шағын аудандарының тұрғындары.
Талдыкорған қалалық мәслихатының **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның көпшілік тыңдау отырысын С. Жансеңгіров «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен та-ныстырды.
Сөйлегендер:
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді **отырыс төрағасы** Талдыкорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы **Эльмира Кенжеғалиқызы Мұқышеваға** берді. Бөлім басшысы 2 көше бойынша баяндама жасады:

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Есболат Алтынай	Атауы жоқ жаңа көше	Қаланың шығысында
2.	Шаймұқан Мұқанов	Атауы жоқ жаңа көше	Қаланың шығысында Жансүгіров көшесі мен Фани Мұратбаев көшелерінің аралығында орналасқан

Талдыкорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Э.Мұқышева:
Бүгінгі, 2025 жылғы 19 мамырдағы көпшілік тыңдауда Талдыкорған қаласының «Шығыс» шағын аудан-ында орналасқан, ұзындығы 710 метрді құрайтын атауы жоқ жаңа көшеге Есболат Алтынай есімін беру ұсынылуда.

1. Есболат Алтынай (1923—2021 жж.) — Ақсу ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылда-рында теміржол құрамында Германияға дейін жетіп, майданның ауыр да жауапты кезеңдерінен өтті. Жау ұшақтарының бомбалауы кезінде бірнеше мәрте өміріне қауіп төнсе де, өз міндетін табандылықпен атқарды. Ол Днепр өзеніндегі теміржол көпірін қалпына келтіруге, Бас қолбасшының арнайы тапсырмасын орындауға қатысқан. Соғыстан кейін елге аман-есен оралып, бейбіт өмірге араласты. Айта кету керек, ол соғыс кезінде тұтқынға түскен 12 000 неміс әскерін конвоилағаны жайлы естеліктер қалдырған. Марапаты: Отан соғысы ордені ІІ дәрежелі.

Қаланың шығыс бөлігінде орналасқан «Жұлдыз» шағын ауданындағы І. Жансүгіров пен Ғ. Мұратбаев көшелерінің аралығындағы ұзындығы 620 метр болатын атауы жоқ жаңа көшеге Шаймұқан Мұқанов есімін беру ұсынылады.

2. Шаймұқан Мұқанов (1921—2015 жж.) — Семей облысы, Абыралы ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы кезінде пулеметші, кейіннен 177-ші Любань атқыштар дивизиясының 483-ші полкі құрамында батальон командирі ретінде Волхов және Ленинград майдандарында шайқасты. Соғыстан кейінгі жыл-дары Талдыкорған облысында қалалық және аудандық партия комитеттерінде басшылық қызметтер атқарып, Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосты. Осы еңбегі үшін Алма-ты облысының Құрметті азаматы атанды. Марапаттары: «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Александр Невский» ордені, І дәрежелі Отан соғысы ордені, «Құрмет» ордені.

Құрметті қауым, аталған мәселе бойынша белсенді қатысып, өз ой-пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді сұраймын!

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Құрметті көпшілік тыңдауға қатысушылар! Кешелерге беріліп отырған тұлғалар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік.

Ол үшін осында қалалық мәслихат аппаратының бас маманы **Келдібек Әлібек Батырбекұлы** мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы** отыр. Осы азаматтар дауыс санауды жүзеге асырады. Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: екі көшеге бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?

Тұрғындар барлық көшелерге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Жақсы, аталған екі көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Депутаттар мен тұрғындар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Бүгінгі қаралған мәселе бой-ынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында 7 жұмыс күн ішінде жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Отырыс төрағасы	С. Жансеңгіров
Отырыс хатшысы	Ә. Келдібек

Талдыкорған қалалық мәслихатының
«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның ХАТТАМАСЫ

Талдыкорған қаласы, Біржан сал, 108. 19 мамыр 2025 жыл, сағат: 15:00 (№18 орта мектеп-лицей)

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №18 сайлау округінің депутаты, **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның төрағасы **Серік Максимұлы Жансеңгіров**.
Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – **Әлібек Батырбекұлы Келдібек**.

Күн тәртібінде:
Талдыкорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы
Қатысқандар:
Талдыкорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық әкімдіктің өкілдері
Талқыланды:
Күн тәртібі бойынша көпшілік тыңдау өткізу жоспарланған болатын. Алайда, қала тұрғындары көпшілік тыңдауға қатыспауына байланысты, көпшілік тыңдау болмады деп танылды.
Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Құрметті қатысушылар, бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе – Талдыкорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы. Алай-да, қала тұрғындарының көпшілік тыңдауға қатыспауына байланысты отырысты жалғастыру мүмкін емес. Осыған байланысты көпшілік тыңдауды болмады деп тану туралы ұсынысымды дауысқа салғым келеді. Кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.
Қатысушылар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Отырыс төрағасы	С. Жансеңгіров
Отырыс хатшысы	Ә. Келдібек

Талдыкорған қалалық мәслихатының
«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның ХАТТАМАСЫ

Талдыкорған қаласы, Өтенай ауылдық округі, Ынтымақ ауылы 20 мамыр 2025 жыл, сағат: 15:00 (№30 орта мектеп)

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №11 сайлау округінің депутаты, **«Жастармен жұмыс, денсаулықты сақтау, білім, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның төрағасы **Гүлниса Досанқызы Тұлымшақова**.

Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – **Әлібек Батырбекұлы Келдібек**.

Күн тәртібінде:
Талдыкорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы
Қатысқандар:
Талдыкорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық әкімдіктің өкілдері, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, қала тұрғындары.

РЕСМИ АҚПАРАТ

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Талдықорған қалалық мәслихатының **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның көпшілік тыңдау отырысын Г. Тұлымшақова «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен та-ныстырды.

Сөйлегендер:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді **отырыс төрағасы** Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Сандуғаш Арнайқызы Рысбаеваға** берді. Бас маман атау беріліп жатқан көше бойынша баяндама жасады:

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Болсамбеков Абдықадыр	№4 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
2.	Шлетов Асылбек	№5 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
3.	Егембердиев Ғайыс	№6 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
4.	Бақбергенов Құрмантай	№7 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
5.	Борамбаев Хасан	№8 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
6.	Базалиев Федор	№9 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
7.	Чуйков Егор	№11 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
8.	Турченко Николай	№12 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)
9.	Моисеенко Василий	№13 атауы жоқ жаңа көше	Қаланың Оңтүстік-батысы (3 бөлімше)

Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы С. Рысбаева: Талдықорған қаласының оңтүстік-батысында орналасқан 3-бөлімшедегі атауы жоқ 9 жаңа көшеге қатысты төмендегі атауларды беру ұсынылуда. Бұл ұсыныстар Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен еліміздің да-муына елеулі үлес қосқан азаматтарды есте қалдыру мақсатында жасалды.

1. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 4-ші жаңа көшені (3 бөлімше) Ұзындығы 1,2 км. Болсамбеков Абдықадыр көшесі – (1923 ж. – 2014 ж.) Ұлы Отан соғысының ардагері. 1923 жылы Сарқан ауданы, Қызыл әскер ауылында дүниеге келген. 1942 жылы әскерге шақырылды. Жа-пониямен соғыс кезінде СМЕРШ қарсы барлау взводының командирі болған. 1947 жылы соғыстан оралды. Партиялық есепке тұрып, Сарқан ауданында учаскелік қызметке орналасты. Әрі қарай Текелі қаласының ішкі істер бастығы болды. Кейін әскери маңызы бар Степногорск қаласына ауыстырылды. Сонымен бірге Мәскеуде ІІМ жоғары мектебінде оқыды. Талдықорған қаласына оралып, генерал-майор атағы берілді. Марапаттары: ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Халықтар достығы» ордені, «Жапонияны жеңгені үшін» медалі.

2. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 5-ші жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 1,1 км. Шлетов Асылбек көшесі (1908-1985 ж.ж.) — Ұлы Отан соғысының ардагері. 1908 жылы Еңбек ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысты. Атқыштар дивизиясының қатарында пулеметші болған. Соғыстан кейін Еңбек ауылында жетім-жесірлерге алдымен малдары-на шөп шауып көмектесіп отырған. Марапаттары: «Соғыста көрсеткен ерлігі үшін» ІІ дәрежелі ордені, «Жауынгерлік» медалі.

3. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 6-шы жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 1 км. Егембердиев Ғайыс көшесі — 1924 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 1942 жылы соғысқа жол тартып, 1,2,3 Беларусь, 3-Балтық бойы майданындағы шайқастарда басынан, қолынан, аяғынан жараланған. Пулеметшілер командирі, бас қолбасшының пәрменімен ғана жойқын қақтығысқа араласатын, тоқсан килолық 203 мм гаубица командирі болған. Рига қаласын тікелей азат етіп, Шығыс Пруссияға жеткенде соғыс өрті өшкен. Соғыстан кейін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекет-ік университетінің журналистика факультетін 1954 жылы үздік тәмамдап, республикалық «Сталин жолы» журналында тілшілік қызмет атқарып, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті редакциясында әдеби қызметкерден бастап ішкі және сыртқы хабар бөлімін, мал шаруашылығы, Кеңес құрылысы бөлімдерін басқарды. 2020 жылы қайтыс болған. Марапаты: «Қызыл жұлдыз» ордені.

4. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 7-ші жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 820 м. Бақбергенов Құрмантай көшесі — 1925 жылы Семей облысы, Шұбартау ауылын-да дүниеге келген. 1942 жылы Кеңес әскеріне шақырылып, соғысқа аттанды. Кутузов атындағы 98-ші десанттық армиясының 19 бригадасының құрамында Ленинградты қорғау шайқастарына қатысты. Ка-релия мемлекетінің Олонецк аймағын азат етті. 1944 жылы Польша, Чехославакия, Венгрия, Австрия мемлекеттерін қорғаған. Ленинград блокадасында шайқасқан. 1954-1958 жылдар аралығында Қапал мектеп-интернатының директоры болды. 1958 жылы Семей облысы, Аякөз ауданы, Таскескен ауылын-да Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте ән-күй, география, тарих пәндерінен сабақ берді. 2020 жылы қайтыс болған. Марапаты: ІІ, ІІІ дәрежелі «Даңқ» ордені.

5. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 8-ші жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 850 м. Борамбаев Хасан көшесі — 1925 жылы Ескелді ауданында дүниеге келген. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Қиыр Шығыстағы қысқа уақыттық әскери дайындақтан өтеді. Осыдан соң, 25-ші десанттық гвардия полкінің құрамына жіберілген, жауынгер 1943 жылдың желтоқсан айында ІІ Украин жеріндегі 345 атқыштар құрамындағы 303 мергендер сабына барып қосылады. Кировоград, Яссы, Воро-неж, Рыбница қалаларындағы жауды жоюға толық атсалысады.

Хасан ақсақалдың неше мыңдаған шақырым жол басып, 8 жылға жуық шайқас шебінде жүріп, Вен-грия, Румыния, Австрия, Чехославакия елдеріне дейін азат етуге қатысқан сапарындағы көріністердің бірі ғана. 1950 жылы елге оралып, көп жыл Талдықорған мал шаруашылығы техникумында жұмыс жасады, Комсомол, мұғалім, саясат, экономика пәндерінен сабақ беріп, зейнеткерлікке шықты. 2018 жылы қайтыс болған. Марапаты: Отан соғысының І дәрежелі ордені.

6. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 9-шы жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 565 м. Базалиев Федор көшесі — 1918 жылы Сарқан ауданы Черкасск ауылында дүниеге кел-ген. Курск облысы, Щигров ауданы Щигровский АӨК-мен әскер қатарына шақырылған. 40-шы армия, 4-ші инженерлік сапёрлық бригадасында майданда шайқасқан. 1986 жылы қайтыс болған. Марапаттары: Отан соғысының І дәрежелі ордені.

7. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 11-ші жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 570 м. Чуйков Егор көшесі (1915-1963 жж.) — Кербұлақ ауданы Жайнақ ауылында дүниеге кел-ген. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1937 жылы Қызыл армия қатарына шақырылған. 1945 жылы Қиыр Шығыс майданында батальон командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болған. Кеңес Одағының Батыры («Ленин» ордені), Отан соғысының І, ІІ дәрежелі ордені.

8. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 12-ші жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 550 м. Турченко Николай көшесі (1921-1972 жж.) — 1921 жылы Кербұлақ ауданында дүниеге келген. Кеңес Одағының Батыры («Ленин» ордені).

9. Талдықорған қаласының Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 13-ші жаңа көшені (3 бөлімше). Ұзындығы 550 м. Моисеенко Василий көшесі (1908-1945 жж.) — Сарқан ауданы. 1908 жылы Запорожская облысы Александровка ауылында дүниеге келген. Кеңес Одағының Батыры («Ленин» ордені), ІІІ дәрежелі «Даңқ» ордені.

Құрметті қауым, аталған мәселе бойынша белсенді қатысып, өз ой-пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді сұраймын!

Отырыс төрағасы, №11 сайлау округінің депутаты Г. Д. Тұлымшақова: Құрметті көпшілік тыңдауға қатысушылар! Көшелерге беріліп отырған тұлғалар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік.

Ол үшін осында қалалық мәслихат аппаратының бас маманы **Келдібек Әлібек Батырбекұлы** мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы** отыр. Осы азаматтар дауыс санауды жүзеге асырады. Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: барлық көшелерді тізім бойынша бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?

Тұрғындар барлық көшелерге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.

Отырыс төрағасы, №11 сайлау округінің депутаты Г. Д. Тұлымшақова: Жақсы, аталған 9 көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Депутаттар мен тұрғындар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Отырыс төрағасы, №11 сайлау округінің депутаты Г. Д. Тұлымшақова: Бүгінгі қаралған мәселе бойынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында 7 жұмыс күн ішінде жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Отырыс төрағасы	С. Жансеңгіров
Отырыс хатшысы	Ә. Келдібек

Талдықорған қалалық мәслихатының

«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы, Сихимов к-сі, 1А

20 мамыр 2025 жыл,

сағат: 10:00

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №18 сайлау округінің депутаты, «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның төрағасы **Серік Максимұлы Жансеңгіров**.

Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – **Әлібек Батырбекұлы Келдібек**.

№20 (1862) 23-мамыр, 2025 жыл

Құшміз бірлікте

7

Күн тәртібінде:

Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Қатысқандар:

Талдықорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық әкімдіктің, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және қала тұрғындары.

Талдықорған қалалық мәслихатының **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның көпшілік тыңдау отырысын С. Жансеңгіров «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен та-ныстырды.

Сөйлегендер:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді **отырыс төрағасы** Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Сандуғаш Арнайқызы Рысбаеваға** берді. Бас маман атау беріліп жатқан көше бойынша баяндама жасады:

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Горбов Василий	№1 атауы жоқ көше	Қаланың Солтүстік тұрғын үй ауданы
2.	Боранбаев Оспанбек	№2 атауы жоқ көше	Қаланың Солтүстік тұрғын үй ауданы

Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы С. Рысбаева: Талдықорған қаласының Солтүстік тұрғын үй ауданында орналасқан, ұзындығы 634 метр болатын атауы жоқ №1 көшеге Горбов Василий есімін беру ұсынылады.

1. Горбов Василий (1924–1982 жж.) — Сарқан ауданы, Тополевка ауылында туған. 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, 278 атқыштар полкі, 7-ші гвардиялық армия, 46-шы армия, 273-ші гвардиялық атқыштар полкі, 89-шы гвардиялық атқыштар дивизиясында майданда шайқасты. Аға сержант, атқыш болған. Соғыстан кейін 1945 жылы Сарқан ауданына оралып, комбайншы болып жұмыс істеді. Кейін Талдықорғанда инженер-гидротехник және жарушы қызметтерін атқарды. Марапаттары: Отан соғысының І дәрежелі ордені, І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Даңқ» ордендері.

Талдықорған қаласының Солтүстік тұрғын үй ауданында орналасқан, ұзындығы 536 метр болатын ата-уы жоқ №2 көшеге Боранбаев Оспанбек есімі берілу ұсынылады.

2. Боранбаев Оспанбек (1923–2001 жж.) — Сарқан ауданында туған. 1942 жылдың шілдесінде Сарқан ауданының әскери бөлімінің шақыртуымен Украина майданына аттанып, Башқұртстан АССР-і, Стерлитамак қаласындағы Рига әскери пехоталық училищесінің курсанты болды. Сталинградты қорғау, Украина, Дон-басс, Ростов облыстарының қалалары мен ауылдарын азат ету операцияларына қатысты. Соғыстан кейін Талдықорған қалалық ауылшаруашылық өнімдерін дайындау инспекторы қызметін атқарды. Облыстық, аудандық партия және ауылшаруашылық салаларын басқаруда, атқару комитеттерінде депутаттық қызмет атқарды. 20 жылдан астам қалалық ардагерлер кеңесінің басшысы болды. Республикалық маңызы бар дербес зейнеткер. Марапаттары: Отан соғысының ІІ дәрежелі ордені.

Құрметті қауым! Аталған мәселе бойынша белсенділік танытып, өз пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді сұраймын.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Сөз, **Боранбаева Балғамын Оспанбекқызына** беріледі.

Б. Боранбаева Боранбаев Оспанбектің өмір жолы, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер ретінде көрсеткен ерлігі мен ел үшін сіңірген еңбегі туралы баяндалды. Оның өмірбаяны қысқаша таныстыры-лып, еңбек жолындағы жетістіктеріне, соның ішінде Талдықорған қаласының және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесіне тоқталды.

Сөз соңында көшеге Боранбаев Оспанбек есімін беру туралы ұсынысты қолдауды сұрады.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Құрметті көпшілік тыңдауға қатысушылар! Көшелерге беріліп отырған тұлғалар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік.

Ол үшін осында қалалық мәслихат аппаратының бас маманы **Келдібек Әлібек Батырбекұлы** мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы** отыр. Осы азаматтар дауыс санауды жүзеге асырады. Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: екі көшеге бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?

Тұрғындар барлық көшелерге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Жақсы, аталған екі көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Депутаттар мен тұрғындар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Бүгінгі қаралған мәселе бой-ынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында 7 жұмыс күн ішінде жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Отырыс төрағасы	С. Жансеңгіров
Отырыс хатшысы	Ә. Келдібек

Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы, Бірлік шағынауданы, 25

21 мамыр 2025 жыл,

сағат: 15:00

(№29 орта мектеп-лицей)

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - №18 сайлау округінің депутаты, «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссияның төрағасы **Серік Максимұлы Жансеңгіров**.

Хатшы: қалалық мәслихат аппаратының бас маманы – **Әлібек Батырбекұлы Келдібек**.

Күн тәртібінде:

Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Қатысқандар:

Талдықорған қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық әкімдіктің, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және қала тұрғындары.

Талдықорған қалалық мәслихатының **«Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі»** тұрақты комиссияның көпшілік тыңдау отырысын С. Жансеңгіров «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен та-ныстырды.

Сөйлегендер:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы сөзді **отырыс төрағасы** Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Сандуғаш Арнайқызы Рысбаеваға** берді. Бас маман атау беріліп жатқан көше бойынша баяндама жасады:

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Мұқамәділ Қаптағаев	Атауы жоқ жаңа көше	«Құлагер» мен «Әл-Фараби» ш.а. арасындағы атауы жоқ жаңа көше

Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы С. Рысбаева: «Құлагер» және «Әл-Фараби» шағын аудандары арасындағы атауы жоқ жаңа көше (ұзындығы — 530 м) Мұқамәділ Қаптағаевтың есімімен аталу ұсынылуда.

Мұқамәділ Қаптағаев (1919–1989 жж.) — Сарқан ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері, 248-атқыштар дивизиясының 905-полкінде айып батальоны құрамындағы барлаушылар тобының жетекшісі болған. Марапаты: Отан соғысы ордені ІІ дәрежелі.

Құрметті қауым! Аталған мәселе бойынша белсенділік танытып, өз пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді сұраймын.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Сөз Қаптағаев Сәрсенбай Мұқамәділұлына беріледі.

С. Қаптағаев Мұқамәділ Қаптағаевтың өмір жолы, Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер ретінде көрсеткен ерлігі мен ел үшін атқарған еңбегі туралы баяндады. Оның өмірбаянын қысқаша таныстырып, еңбек жолындағы жетістіктеріне тоқталды.

Сөз соңында, жоғарыда аталған атауы жоқ жаңа көшеге Мұқамәділ Қаптағаевтың есімін беру туралы ұсынысты қолдауды сұрады.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Құрметті көпшілік тыңдауға қатысушылар! Көшеге беріліп отырған тұлға жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік. Ол үшін осында қалалық мәслихат аппаратының бас маманы **Келдібек Әлібек Батырбекұлы** мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы **Рысбаева Сандуғаш Арнайқызы** отыр. Осы азаматтар дауыс санауды жүзеге асырады. Аталған көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Депутаттар мен тұрғындар бірауыздан бұл мәселені қолдап, дауыстарын берді.

Отырыс төрағасы, №18 сайлау округінің депутаты С. М. Жансеңгіров: Бүгінгі қаралған мәселе бой-ынша хаттама бұқаралық ақпарат құралдарында 7 жұмыс күн ішінде жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Отырыс төрағасы	С. Жансеңгіров
Отырыс хатшысы	Ә. Келдібек



БАТЫРЛАР ЕРЛІГІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласында ерлік пен отансүйгіштікті дәріптейтін тағылымды шара өтті. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамы мен Ж.Жабаев атындағы орта мектептің «Жас шекарашы» үйірмесінің мүшелері бірігіп, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған еске алу іс-шарасын ұйымдастырды.



Жас буынға Отан қорғау жолындағы Әлияның қайсарлығы мен батырлығы жайлы мағлұматтар беріліп, патриоттық рухты көтеретін арнайы шара болды.

Аталған шара – жас ұрпақтың бойында елжандылық пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды. Шекарашылар мен «Жас шекарашылар» үйірмесі мүшелері Әлияның ерлігін ұмытпай, оның батырлық жолын үлгі тұтатынын атап өтті.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

САЛАУАТТЫ ӨМІР ТӘРТІП ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ

Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі, «Қос Қанат Жетісу» ҚБ ұйымдастыруымен АИТВ-инфекциясының алдын алу мен оған қарсы күрес, профилактикалық шаралар негізінде түсіндіру жұмыстары бойынша жасөспірімдер арасында «АИТВ / ЖИТС – білу және қорықпау!» атты акция өтті.



«Талдықорған қаласындағы алаяқтықтың, интернет-алақтықтың, лудоманияның, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған іс-шараларды өткізу» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысын іске асыру шеңберіндегі аталмыш шараға қаламыздағы арнаулы білім беру мекемелерінің білімгерлері қатысты. Олар медициналық сауаттылық (қажетті дағдылар мен білімді меңгеру) пен ақпараттандырудың маңыздылығын, жас ұрпақтың өз денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыру мәселелерін талқылады. «Қос Қанат Жетісу» қоғамдық бірлестігінің басшысы Елена Радионова инфекцияның пайда болу жолы мен салдары, қауіп факторлары, жалпы салауатты өмір салтын ұстанудың құндылығы жөнінде толыққанды ақпарат беріп, белсенділік танытқан жандарға алғысын білдірді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

МАМАН МІНБЕРІ

МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ескелді филиалы қызметінің негізгі бағыттарының бірі жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік - құқықтық және тақырыптық сұрауларын орындау болып табылады.

Өтініштерді қабылдау және анықтамаларды беру «Азаматтарға арналған электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүргізіледі www.egov.kz, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бөлімдері, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы (Мемлекеттік архивтерде – жеке өтініш және пошта байланысы кезінде) жүзеге асады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 11 (он бір) жұмыс күні ішінде. Егер екіден артық ұйымның мәліметтері сұратылған жағдайда, бес жылдан астам уақыт ішінде орындаушы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыны мерзімнің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтыны туралы хабардар етеді, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы 3 күнтізбелік күн ішінде хатпен хабардар етіледі.

Мемлекеттік сақтауда құжаттар (мәліметтер) болмаған жағдайда не сұрау салу архивте сақталатын архивтік құжаттардың құрамына жатпайды, жауапты орындаушы құжаттар келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызмет берушіде мемлекеттік сақтауда сұратылған

құжаттардың (мәліметтердің) болмауы туралы жауапты дайындайды, не бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке тиістілігі бойынша сұрау салуды жібереді.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Өтініштерді қабылдау және архивтік анықтамаларды беру сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзілістерден дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13-тен 14-ке дейін жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды жіберу қажет. Бар болса, өтінішке сұратылған мәліметтерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.

Мемлекеттік қызмет нәтижесінде архивтік анықтама, архивтік құжаттың көшірмесі, әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді растау жөніндегі архивтік үзінді көшірме, сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда болмауы туралы, басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке тиесілігі бойынша сұрау салуды жіберу, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауаптар көрсетіледі.

Юлия МАЛЮТИНА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві»
КММ Ескелді филиалының архивісі

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Еркін ауылының тұрғындары!

Еркін ауылындағы Қаратал көшесіне жаңа атау беру бойынша жиын өтетінін хабарлаймыз. Жиынға міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

Өтетін орны: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Қаратал мен Теміртекулы көшелерінің қиылысы;

Уақыты: 21.06.2025 жыл, сағ.: 17.00.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители села Еркин!

Сообщаем, что состоится сход по вопросу переименования улицы Каратал в селе Еркин. Просим принять участие.

Место проведения: г. Талдықорған, село Еркин, пересечение улиц Каратал и Темиртекулы.

Дата: 21.06.2025 г., в 17.00 ч.

ӘСКЕРИ ЖОО ОНЛАЙН ТҮСУ

e.gov

ОНЛАЙН ПОСТУПЛЕНИЕ В ВОЕННЫЕ ВУЗЫ

Қазақстанның әскери жоғары оқу орындарына енді eGov.kz арқылы онлайн түрде түсуге болады!

Порталда әскери жоғары оқу орындарына түсуге өтініш беру бойынша электрондық қызмет қолжетімді. Барлық үдеріс толықтай онлайн өтеді: өтініш беруден бастап нәтижені Жеке кабинеттен алғанға дейін. Жүйе шектеулер мен соттылықты тексереді. Егер адам сотталмаған болса, жауап 10 минуттың ішінде келеді.

ҚР ҰҚК тексеру үшін №075 нысанды анықтаманы алдын ала алу және өмірбаянын дайындау ұсынылады. Көптеген деректер (мекенжай, фотосурет, туыстық мәліметтер) мемлекеттік жүйелерден автоматты түрде жүктеледі, қалғанын қолмен қосуға болады.

Ұшқыш мамандықтары үшін куәландыруға дейін 30 күннен кешіктірмей алынған медициналық қорытынды талап етіледі.

Нәтиже Жеке кабинетке келеді. Қызмет көрсету мерзімі – 200 күнге дейін.

Толық ақпарат пен құжаттар тізімі eGov.kz порталында қолжетімді.

СІЗАҒЫ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- белгісіз және шомылуға арналмаған су қоймаларына түспеңіз;
- бір өзіңіз ғана жүзуден аулақ болыңыз;
- мас күйінде жүзуге болмайды;
- белгісіз төменгі рельефті жерлерде суға сүңгімеңіз;
- жүзуге шектелген белгілерден аспаңыз, техникалық және ескерту белгілерді, қалтқыларды және басқа заттарды көтермеңіз;
- қозғалтқышы бар қайықтарға, жүзу кемесіне және басқа көлік құралдарына жақындамаңыз - бұл өте қауіпті;
- жағадан, мұнаралардан, трамвайдан жолдастарыңызды суға итермеңіз;
- өзіңізді шамадан тыс жұмыс істеуге және дене температурасының күрт төмендеуіне мәжбүрлемеңіз;
- балаларды ересектердің қадағалауынсыз қалдырмаңыз.



ОБЩИЕ ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ НА ВОДЕ:

- воздерживайтесь от купания в неизвестных и не предназначенных для этой цели водоемах;
- избегайте купания в одиночку;
- не купайтесь в нетрезвом состоянии;
- не ныряйте в местах с неизвестным рельефом дна;
- не заплывайте за ограничительные знаки мест, отведенных для купания;
- не взбирайтесь на технические и предупредительные знаки, буйки и прочие предметы;
- не подплывайте к моторным, весельным лодкам и другим;
- не толкайте товарищей с берега, вышек, трамплинов в воду;
- не доводите себя до переохлаждения и переутомления;
- не оставляйте детей у воды без присмотра взрослых.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА

ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.

Тапсырыс №527 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.